

 NAZARBAYEV UNIVERSITY	«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы		
	Бекіткен орган:	Академиялық кеңес	
«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина мектебінің магистратура бағдарламаларына түсу үшін үміткерлерге қойылатын ең төменгі талаптар мен қажетті құжаттар пакеті			
Бекітілген күні:	8.12.2021 ж.	Күшіне енгізілген күні	8.12.2021
Шешімнің/хаттаманың №:	№ 14		
ІНҚ жіктеуші:	2. Академиялық қызмет		
Бастамашы:	М. Pignatelli Медицина мектебінің деканы		
Өзара байланысты құжаттар	«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының магистратура бағдарламаларына қабылдау қағидалары		

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Қоғамдық денсаулық сақтау магистрі, Молекулярлық медицина магистрі, Фармакология және токсикология магистрі және Спорт және оңалту магистрі дәрежесіне түсу үшін үміткерлерге қойылатын ең төменгі талаптар мен қажетті құжаттар пакеті

Үміткерлерге қойылатын талаптар:

- 1) Тиісті саладағы бакалавр (немесе баламасы) және/немесе магистр дәрежесі (немесе баламасы) мен ең төменгі CGPA 4.00-ден кемінде 2.75;
- 2) «Назарбаев Университетінің» бағдарламаларына түсу үшін ағылшын тілін білуге арналған тестілеу нәтижелеріне қойылатын ең төменгі талаптар – IELTS тесті бойынша жалпы балл 6,5 немесе жоғары (әрбір бөлім бойынша кемінде 6.0) немесе ETS сайтында жарияланған шкалаға сәйкес TOEFL-дің (Home edition-ды қоспағанда) балама нәтижесі;
- 3) «Назарбаев Университетінің» NUZYP магистрлік бағдарламаларына түсу үшін ағылшын тілін білуге тестілеу нәтижелеріне қойылатын ең төменгі талаптар – IELTS тесті бойынша жалпы балл 5,5, бір бөлім бойынша 5.0 нәтижесімен немесе ETS сайтында жарияланған шкалаға сәйкес TOEFL-дің (Home edition-ды қоспағанда) балама нәтижесі;
- 4) жазудың көрнекті дағдылары, GRE немесе GMAT тестіне сәйкес талдамалық және математикалық дағдылар (опциялық);
- 5) негіздеме хатта бағдарламаларға қызығушылық пен уәждеменің жоғары деңгейі;
- 6) екі құпия ұсыным хат;

7) тек Фармакология және токсикология саласындағы магистратура және Спорттық медицина және оңалту саласындағы магистратура бағдарламаларына ғана: жұмыс тәжірибесін растау, оның ішінде биологиялық және/немесе медициналық зерттеулерді жүзеге асыру бойынша волонтерлық жұмыс (бар болғанда). Бұл міндетті емес талап болса да, үміткер өзінің өтінім нысанын осындай растау құжаттарымен күшейте алады.

* Бағдарламаға түсетін үміткерлер келесі жағдайлардың бірінде Қабылдау комиссиясының шешімі бойынша ағылшын тілі бойынша тестілеу нәтижелерін беруден босатылуы мүмкін:

ағылшын тілі ресми қарым-қатынас, оқу және күнделікті өмір тілі болып табылатын елде академиялық дәреже алса;

ағылшын тілінде оқыту бағдарламалары бойынша оқу нәтижелері бойынша бакалавр немесе магистр дәрежесін алса. Үміткерлер ағылшын тілінің оқу тілі екенін растайтын ресми құжатты ұсынуы керек;

егер үміткер Университеттің түлегі болса.

**GRE ресми балы міндетті талап емес, үміткер бәсекеге қабілетті GRE/GMAT балының көмегімен өз өтінімінің деңгейін жақсарты алады.

Онлайн өтінім беру үшін өтініш берушілердің құжаттар пакеті:

- 1) Өтінімнің толтырылған нысаны;
- 2) Жеке куәлік немесе паспорт;
- 3) Атының өзгерткенін растайтын ресми құжат (егер қолданылса);
- 4) Транскриптері бар дипломдардың/сертификаттардың сканерленген көшірмесі (қазақстандық жоғары оқу орындарынан алынған транскрипті бар дипломдар/сертификаттар нотариалды куәландырылған болуы керек);
- 5) IELTS немесе TOEFL IBT академиялық емтихандарының нәтижелері туралы ресми электрондық есеп (Home edition-ды қоспағанда), онлайн-құжаттарды тапсыру күніне жарамды тестілеу әкімшісінің сертификаттары және олардың сканерленген көшірмесі. Талапкер тестке тіркелу кезінде «Назарбаев Университетін» алушы ретінде көрсетуі тиіс. Егер талапкер тестті ертерек тапсырса, ол тестілеу орталығына хабарласып, «Назарбаев Университетін» алушы ретінде көрсете алады;
- 6) ағылшын тілін оқыту тілі ретінде білетіндігін растайтын сканерленген құжат (тек ағылшын тілінде оқытылатын бағдарлама бойынша оқу негізінде академиялық дәреже берілген үміткерлер үшін және IELTS немесе TOEFL сертификатын ұсынудан босатуды сұрайды);
- 7) Құжаттарды онлайн тапсыру сәтінде жарамды GRE/GMAT нәтижелері (опциялық);
- 8) Соңғы 12 айдың ішінде жазылған екі құпия ұсыным хат (ұсыным хат беретін тұлғалар электронды немесе қағаз нысанында ұсынады);
- 9) Негіздеме хат (500 сөз немесе одан аз);
- 10) Медициналық анықтама 075у (Қазақстан азаматтары үшін) немесе жалпы денсаулық жағдайын білдіретін ұқсас медициналық анықтама (халықаралық үміткерлер үшін);
- 11) Сотталғаны немесе сотталмағаны туралы анықтама;

12) Тек Фармакология және токсикология саласындағы магистратура және Спорттық медицина және оңалту саласындағы магистратура бағдарламаларына ғана: жұмыс тәжірибесін растау, оның ішінде түйіндемеде, ұсыным хаттарда, сондай-ақ басқа да құжаттарда биологиялық және/немесе медициналық зерттеулерді жүзеге асыру бойынша волонтерлық жұмыс (бар болғанда).

*Қажет болған жағдайда Қабылдау комиссиясы және/немесе Студенттерді оқуға қабылдау департаменті қосымша құжаттарды сұрай алады.